

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ
Музыка және өнер кафедрасы



ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ
6В02102– «Халық аспаптары» білім бағдарламасы

Атырау, 2023

Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ



Бекітемін
Академиялық мәселелер
жөніндегі проректор
А.Е. Чукуров

» 01 2023 ж.

ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B02102 – «Халық әні» мамандығының білім бағдарламасы студенттері үшін

Бағдарлама білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу ережелері негізінде әзірленген (СМЖ №025)

Құрастырушылар:

Кафедра меңгерушісі: *М.Ш.* Шаужанова А.Т.

аға оқытушы: *А.С.* Андиров К.Б.

Кафедра мәжілісінде ұсынылған

Хаттама № 5 « 11 » 01 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі: *М.Ш.* Шаужанова А.Т.

Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданған _____

« 26 » 01 2023 ж. Хаттама № 5

ОӘК төрағасы

Керман

КЕЛІСІЛДІ

Факультет деканы *Керман* *Н.Б. Керман* « 26 » 01 2023 ж.

ББАСАЖДҚК басшысы *С.С. Сүйеіменова* « 30.01 » 2023 ж.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданған

« 30 » 01 2023 ж. Хаттама № 3

1. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты мен міндеттер

Білімділік пен біліктілік қалыптастырудағы білім мақсаты «дәстүрлі әнші» мамандығындағы студенттердің орындаушылық, ұстаздық, ән мұраларын насихаттаушы, музыка зерттеуші мамандарды даярлау. Домбырамен ән айту пәні студенттерді кәсіби деңгейде маман болуға үйрететін пән болып табылады. Кәсіптік сахнада Дәстүрлі өнерімізді, оның ішінде күй өнерін насихаттайтын күйші домбырашыларды даярлайды, халық күйлері мен халық композиторларының өмір жолы мен шығармашылығынан сабақ беретін ұстаздарды дайындайды.

6B02102– «Халық аспаптары» мамандығы бойынша бойында музыкалық қабілеті бар студенттердің оқу үрдісінде кәсіптік деңгейге көтерілуі - пәннің жан-жақты оқытылуына байланысты. Күйдің шығу тарихы, мазмұны, аймақтық ерекшелігі, домбыра шертісі, дыбыс тазалығы, күйдің мазмұнын дұрыс жеткізуі мен сахналық мәдениет күнделікті оқу барысында қамтылып отырады. Бірінші курс студентінің соңғы курсқа дейінгі алатын білімі, шеберлігі мен тәжірибесіне қойылатын талаптар біртіндеп күрделенеді.

- Күйлердің шығу тарихын, мазмұнын, аймақтық ерекшеліктерін үйрету.
- халық композиторларының өмір жолы мен шығармашылығын үйрету.
- дәстүрлі домбыра қағысын қалыптастыру мен қатар аймақтық ерекшеліктерді меңгере білу.
- орындаушылық өнерін қалыптастыру.
- ұстаздық тәжірибесін үйрету.
- сахна мәдениетін үйрету.
- күйшіні көркемдік орындаушылыққа үйретуге,
- қазақ музыкасындағы дәстүрлі күй жанрын талдап, зерттеу,
- қазақ халық күйлерімен халық композиторларының күйерін насихаттау,
- орындаушылық өнерді кәсіптік деңгейге көтеру.

2.Қорытынды аттестаттауға енгізілетін құзыреттіліктер

Қорытынды аттестаттау барысында студент мынадай құзіреттерді қалыптасқанын көрсетуі тиіс:

- ұлттық –дәстүрлі және кәсіби бағыттағы теориялық,тәжірибелік қажетті білім негіздерін меңгерген және оларды музыкалық оқу орнында халық аспаптар пәні бойынша дәріс беру,орындаушылық,ғылыми бағыттағы тәжірибесінде қолдана алатын жоғары білікті мамандар даярлау;
- бакалаврға аспапты толық меңгеруге және жалпы шығармашылық өсуде жоғары кәсіби шеберліктерді дамытуға мүмкіндік беретін нақтылы концерттік репертуарды меңгерту;
- шығармашылық бағыттағы орындаушының жоғары кәсіби орындаушылық мүмкіндіктерін одан әрі дамытумен қатар,ғылыми-зерттеушілік ,педагогикалық шеберлігін де болашақ шәкірттер тәрбиелеу ісіне қолдана білуіне баулу;
- халық музыкасы мен халық коипозиторларының озық үлгідегі классикалық шығармалары негізінде көркемдік талғамын қалыптастыру;
- арнайы концерттік репертуарларды даярлау
- музыкатанушылық зерттеулерді оқып үйреніп,мамандығына байланыстыра жүргізу дағдыларын қалыптастыру;
- кәсіби қызметтің түрі мен сипатының өзгерісіне бейімділікті дамыту;

2.1 Әмбебап құзіреттіліктер

Жоғары ұлттық және өзіндік санасы, патриоттық рухы жетілген қоғамның әлеуметтік белсенді жаңа буынын тәрбиелеу кәсібилік рухы мен бәсекеге қабілеттілігі мол, тұрақтылықты, тәуелсіздікті, біздің еліміздің қауіпсіздігін сақтауға мейлінше дайын, өзге халықтар мәдениеттермен оңды келісім жүргізуге қабілетті жастарды дайындау. Эстетикалық талғамын қалыптастыру, ой-өрісін кеңейту.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру және коммуникативті құзыреттілікті кеңейту; студенттердің тілдік және прагматикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру, қарым-қатынастың мақсаттары мен шарттарына байланысты қажетті бірлікті сауатты таңдау мүмкіндігі.

2.2. Жалпы кәсіптік құзыреттер (ЖКҚ):

Жалпы білім беретін мектептердің болашақ музыка мұғалімдерін музыкалық орындаушылық мәдениет туралы біліммен қаруландыру. (ЖКҚ-1);

Әлемдік музыка мәдениеті курсы педагог-музыкант дайындау жүйесіндегі маңызды пәндердің бірі болып табылады. Онда ежелгі дәуірден XX ғасырға дейінгі дәстүрдің музыкалық өнерінің дамуының негізгі кезеңдерін зерттеу қарастырылған. Бұл курс көркемдік стильдер мен әдістердің өзгеруінен көрінетін тарихи ойлау жүйелерінің өзгеруіне негізделген музыкалық-тарихи процесті тұтас құбылыс ретінде түсінуге студенттің көзқарасын қалыптастырады.

Музыкалық мәдениеттің тарихи дамуы мен қызмет ету саласында алған білімдерін кеңейту. Болашақ педагогикалық жұмыста өз білімдерін пайдалана алатын әлемдік музыкалық мәдениеттің қалыптасу тарихы туралы белгілі бір түсінігі бар болашақ мамандарды даярлау (ЖКҚ-2);

Репертуармен практикалық жұмыста теориялық білімдерін пайдалану дағдыларын, кәсіби терминологияны, сауатты егжей-тегжейлі талдау, авторлық мәтінді зерделеу дағдыларын көрсету; ұлттық дәстүрлердің ерекшеліктерін зерттеу; аспапта дыбыс шығару тәсілдерін, сөз тіркесін, динамикалық реңктерін көрсету; музыканы орындау процесінде тұрақты зейін мен өзін-өзі бақылауға, шығарма бойынша нәтижелі өзіндік жұмыс жасауға тәрбиелеу. (ЖКҚ-3);

2.3. Кәсіптік құзыреттер (КК):

- Әртүрлі дәстүрлі күй мектептерінің жанрлық формадағы, стильдегі шығармаларды қамтитын орындаушылық репертуарды меңгеру. (КК-1);
- дәстүрлі оқытушылардың әдістемелік принциптерін меңгеру.
- ұлттық күй мектептерінің негізгі белгілерінің ерекшелігін анықтау,
- көркемдік қасиеттерді дамыту(КК-2);
- аймақтық күй мектептерінің қалыптасуы және осы уақытқа дейінгі күйші, орындаушылардың негізгі даму кезеңдерін бірізділікпен меңгеру қажет (КК-3);
- Қазақстан дәстүрлі өнерінің педагогикасының дамуы мен қалыптасу тарихын меңгеру,
- кәсіби орындаушы және артистік қабілетін көрсетуге дағдыланады,
- өз жұмысын жетік білетін маман болуға дайындау.

3. Қорытынды аттестаттау көлемі, құрылымы және мазмұны

Университетте қорытынды аттестаттау шығармашылық бағытта емтихан (дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау) немесе кешенді емтиханды тапсыру түрінде өткізіледі. Қорытынды аттестаттау кемінде 12 академиялық кредитті құрайды. ҚА ұзақтығы – 6 апта.

Білім беру бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау мыналарды қамтиды:

- дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және қорғау; бітіруші түлек шығармашылық емтихан тапсырады және өзі орындайтын әр шығармаға оннотация жазады.
- кешенді емтихан тапсыруға дайындық және тапсыру.

Шығармашылық емтихан бітіруші түлектердің оқытушымен бірігіп дайындалған, бағдарламаларды аспапта ойнап көрсету арқылы тапсырылады.

Кешенді емтихан шығармашылық:

6В02102 – Халық аспаптары мамандығы -кешенді емтиханның мақсаты мен міндеті академия бітірушілердің алған білімін айқындайтын емтиханның ең жоғары формасы болып табылады.

Бітіруші студенттердің емтихан бағдарламасында халық әндері, халық композиторларының күйлері мен ұлттық нақыштағы қазіргі заман композиторларының

күйлері камтылуы керек. Мемлекеттік емтиханға студенттердің орындаушылық қабілетін ескере отырып 8 шығарма таңдап алынады. Сонымен бірге алғашқы курстарда үйренген күйлер мен шығармаларды кешенді емтиханда орындауға болады. Кафедра шешімімен бағдарламаны өзгертуге болады. Бағдарламаны кафедра бекіткен соң, онда белгіленген әндер емтиханға дейін бірнеше рет тыңдалады және кешенді емтихан өткізіледі. Студент кешенді емтиханда айтатын күйлерді сахнада шындауы керек. Сонымен қатар сахналық орындаушылық қабілетін, шеберлігін дамытуы жөн. Жалпы бағдарламада көрсетілген шығармалардан кешенді емтиханда орындалатын күйлер мен шығармалар сұрыпталып алынады.

1. Фортепиано сүйемелдеуімен Қазақстан композиторының шығармасы
2. Фортепиано сүйемелдеуімен шетел композиторының шығармасы
3. Төкпе күй (Махамбет Құрманғазы, Дина)
4. «Шертпе» дәстүріндегі күй (Тәттімбет, Сүгір)
5. Ақжелең жанрындағы күй (Қазанғап)
6. Маңғыстау мектебінің дәстүріндегі күй
7. Қазіргі заман композиторының күйі
8. Дәулеткерейдің күйі

3.1 Кешенді емтихан (ауызша)

Кешенді емтиханның мақсаты – түлектің кәсіби дайындық деңгейін және оның кәсіби қызметі саласындағы практикалық мәселелерді шешуге қабілеттілігін анықтау.

Кешенді емтихан алдында білім алушыларға қортынды аттестаттауға шығарылатын мәселелер бойынша кеңес беру жүргізіледі. Емтихан материалдарын гуманитарлық ғылымдар және өнер» факультетінің Ғылыми кеңес бекітеді. Емтихан билеттеріне факультет деканы және кафедра меңгерушісі қол қояды.

3 сұрақтан құралған 1 билет дайындалады. «Қазақ музыка тарихы» пәні, «Орындаушылық өнер тарихы» және «Арнайы пәндерді оқыту әдістемесі» пәндерінен.

Билеттер бойынша ауызша нысанда комиссияның ашық отырысында өткізіледі.

Ауызша жауап беру дайындық кезінде комиссия хатшысы түлектерге факультет мөртанбасы бар қағаз парақтарын береді. Сол параққа емтихан тапсырушы әр сұрақтың жауабын жазады. Жауапқа дайындалуға 1 студентке 30 минут беріледі. Қалған студенттер кезектілік тәртібімен жауап береді. Емтихан сұрақтарына бітіруші түлек аттестаттау комиссия мүшелерінің алдында жауап береді. АҚ мүшелері білім алушы мемлекеттік емтихан бағдарламасынан тыс тақырыптар бойынша білім деңгейін анықтау мақсатында қосымша сұрақтар қоюға құқылы. Емтихан билеттерінің сұрақтарына ауызша жауап беру ұзақтығы 15-20 минуттан аспауы тиіс.

Емтиханға жауапқа дайындық барысында осы қортынды аттестаттау бағдарламасын және осы бағдарламаның 3.3 тармағында көрсетілген әдебиеттерді пайдалануға рұқсат етіледі.

3.2 Кешенді емтиханға шығарылатын сұрақтары бар пәндер тізбесі

1.Орындаушылық өнер тарихы пәні:

- 1.Түркі тілдес халықтарына ортақ мәдени ескерткіштер
- 2.Күй атасы – Қорқыт
- 3.Қазақ халқының музыкалық аспаптары
- 4.Мәдени ескерткіш аттары, табылу орындары, зерттеушілер туралы мағлұмат
- 5.Қағыстың дыбыс сапасына әсері, домбырашының орындаушылық шеберлігімен
- 6.байланысы
- 7.Күйшілік өнердің алғашқы зерттеулері
- 8.Қорқыт өнерін жалғастырушы ізбасарлары
- 9.Домбыра аспабында орындау өнері

10. Әль-Фараби және музыка
11. Құрманғазының күйшілік мектебі
12. Аппликатура туралы түсінік
13. Қорқыт өнерін жалғастырушы ізбасарлары
14. Домбыра аспабында орындау өнері
15. Әль-Фараби және музыка
16. Құрманғазының күйшілік мектебі
17. Аппликатура туралы түсінік
18. Қорқыт өнерін жалғастырушы ізбасарлары
19. Домбыра аспабында орындау өнері
20. Әль-Фараби және музыка
21. Құрманғазының күйшілік мектебі
22. Аппликатура туралы түсінік
23. Аспаптанушы ғалым Б.Сарыбаевтың еңбектеріне шолу
24. Сібірдің түркі тілдес халық аспаптарының қазіргі кезде қолданылуы
25. Дина және Құрманғазы күйшілік мектептерінің айырмашылығы
26. Аспапта орындау өнерінің дамуы тарихы
27. Маңғыстау мектебіне тән қағыс атаулары
28. XIX-XX ғасырдағы аспаптық өнердің шарықтауы
29. Жонғар шапқыншылығы кезеңіндегі күйшілік өнер
30. Домбыра өнеріндегі негізгі қағыстар және дыбыстандыру әдістері

2. Арнайы пәндерді оқыту әдістемесі

1. «Арнайы пәндерді оқытудың әдістемесі» пәні, оның мақсаты мен міндеті
2. Музыкалық қабілеттерді анықтау жүйесі
3. «Арнайы пәндерді оқытудың әдістемесі» пәннің қалыптасып дамуына, ғылыми сұрыпталуына үлес қосқан ғалымдардың еңбектері
4. Музыкалық және орындаушылық қабілеттер туралы жалпы түсінік
5. Кәсіби музыка маманың дайындаудағы, тәрбиелеудегі ұстаздың маңызы
6. Музыкалық қабілеттерді тексеру және дамыту әдістері
7. Орындаушылық шеберліктің жалпы негіздері
8. Музыкалық қабілеттерді анықтаудың түрлері: ән салу, әртүрлі аспаптарда ойнау, әуеннің ырғақтық кестесін тексеру
9. Дарын және қабілет түсініктері жөніндегі қазіргі замандағы психологиялық тұжырымдар
10. Оқу жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру
11. Жалпы домбыра үйретудегі ұстаздың рөлі
12. Музыка маманың дайындау мәселелері, даму сатылары кезеңдеріне байланысты домбырашылар дайындаудың кейбір ерекшеліктері
13. Ұстаздың мамандық сабағына дайындалу әдістері. Алдағы сабақтарды жоспарлау.
14. Шәкірттердің репертуарларын жүйелеу. Сабақтың мақсаты мен міндеті
15. Домбыра ойнауды үйретудің кәсіби бағыттағы жалпыға бірдей қағидалары
16. Алғашқы сабақ негіздері. Шәкірттердің жеке өзіндік ерекшеліктерін ашу
17. Ұстазбен шәкірттің бірлескен шығармашылық жұмыстарының желісі, шығармашылық жеке тұлғаның қалыптасуы
18. Екі қол қойылымы, орындыққа дұрыс отыру. Екі қол қозғалысындағы қателіктер
19. Аппликатура, позиция туралы жалпы түсінік
20. Күй және фортепиано сүйемелдеуімен орындалатын шығармалардың аппликатуралық ерекшеліктері
21. Әр аймақтың позицияға байланысты күй аппликатуралары
22. Күй өнеріндегі аймақаралық дәстүрлі саусақ басылым ерекшеліктері

23. Дарын және қабілет түсініктері жөніндегі қазіргі замандағы психологиялық тұжырымдар
24. Қағыстан қағысқа ауысу заңдылықтары, оны орындау шеберлік ерекшеліктері
25. Домбырадан дыбыс шығару әдістері, дыбыс бояуы, әуезі
26. Оқу жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру
27. Музыкалық қабілеттерді анықтау жүйесі
28. Домбырада қимылдардың үйлесімділігі, көркемдік мақсаты
29. Дарын және қабілет түсініктері жөніндегі қазіргі замандағы психологиялық тұжырымдар
30. Сол қолдағы әдіс-амалдар: флажолет, глиссандо, портаменто т.б. орындалу әдістері

3. Қазақ музыка тарихы

1. Құрманғазы Сағырбайұлының өмірі мен шығармашылығы. Күй өнеріндегі жаңашылдығы.
2. Қазақ ұлт аспаптарын алғаш рет зерттеп, ғылыми анықтама берген ғалым Б.Сарыбаев еңбегіндегі аспаптар классификациясы.
3. Күйшілік мектептер. Әр күйшілік мектептің бүгінгі ізбасарлары.
4. Дәулеткерей Шығайұлының өмірі мен шығармашылығы. Оның күйлерінде кездесетін авторлық қолтаңба ерекшеліктері
5. Дина Нұрпейісованың өмірі мен шығармашылығы. Дина күйлеріне тән көркемдік қолтаңба.
6. Қазанғап Тілепбергенұлының өмірі мен шығармашылығы. Күйлерінің ерекшеліктері
7. Тәттімбет Қазанғапұлының өмірі мен шығармашылығы.
8. Маңғыстау күйшілік дәстүрі.
9. Абыл Тарақұлының өмірі мен шығармашылығы.
10. Ықылас Дүкенұлының өмірі мен шығармашылығы.
11. Байсерке Құлышұлының өмірі мен шығармашылығы.
12. Сармалай күйші.
13. Шығыс Қазақстанның күйшілік мектебі. Байжігіт Жаулыұлы.
14. Қаратау күйшілік мектебінің жарқын өкілі Сүгір Әлиұлының өмірі мен шығармашылығы.
15. Сыр бойы күйшілік мектебінің өкілі Шал Мырза Тоқболатұлының шығармашылығы
16. Қали Жантілеуовтің өмірі мен шығармашылығы.
17. Әбікен Хасеновтің өмірі мен шығармашылығы.
18. Төлеген Момбековтің өмірі мен шығармашылығы.
19. Рүстембек Омаровтың күйшілік шеберлігі.
20. Жәлекеш Айпақовтың шығармашылығы.
21. Мағауия Хамзиннің композиторлық және орындаушылық шығармашылығы.
22. Рысбай Ғабдиев – күй тағаны.
23. Ахмет Жұбановтың ғылыми зерттеу еңбектері (күйшілер туралы)
24. Ақселеу Сейдімбековтің күй өнерін зерттеудегі еңбектері.
25. Уәли Бекеновтің күй өнерін зерттеудегі еңбектері.
26. Тмат Мерғалиев – күйші және зерттеуші.
27. Таласбек Әсемқұлов күйші-зерттеуші.
28. Айтжан Тоқтағанның күй өнерін зерттеуге арналған ғылыми еңбектері.
29. Қаршыға Ахмедияровтың композиторлық және орындаушылық келбеті.
30. Қорқыт күйлері.

3.3 Кешенді емтиханда пайдалануға рұқсат етілген әдебиеттер тізімі (бар болса)

Негізгі әдебиеттер:

1. Ә.Сабырованың «(Ежелгі дәуірдегі қазақ музыкасы» (2016) оқулығы бойынша сұрақтар
2. А.Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» кітабы (2001) бойынша сұрақтар
3. М.Әбуғазының «Қазақтың домбыра өнері» (2016) кітабы бойынша сұрақтар
- 4.Затаевич А.В. «500 казахских песен и кюев» 1931г
- 5.Затаевич А.В. «1000 песен казахского народа» 1936г
- 6.Жұбанов А.Қ. «Замана бұлбұлдары» 1967ж
- 7.Жұбанов А.Қ. «Ғасырлар пернесі» 1958ж
- 8.Аравин П.В. «Жанры казахской инструментальной музыки» 1970г
- 9.Ғизатов Б. «Казахский оркестр имени Курмангазы» 1994г
- 10.Мұханбетова А. «Инструментальная музыка казахского народа» 1985г
11. Мұхамбетова А. «Казахская традиционная музыка и XX век» 2002г
- 12.Сарыбаев Б. «Қазақтың музыкалық аспаптары» 1981ж
- 13.Сахарбаева К. «Атырау ән-күй мұхиты» 2001ж
- 14.Ахмедияров Қ. «Табыну» 2000ж
- 15.Жұбанов А. «Құрмангазы» 2006ж
- 16.Ахмедияров Қ. «Жігер» 1996ж
- 17.Есенұлы А., Елеусізқызы Г. «Күй-керуені» 1997ж
18. Рыскалиева Г.Т. «Орындаушылық өнер тарихы» 2014ж

3.4 Кешенді емтиханға дайындық бойынша білім алушыларға ұсыныстар

Білім алушы шеберлігінің шындалуының дәрежесіне байланысты түрлі орындаушылық техникаларды талап ету деңгейін сәйкестендіріп отыру. Танымдық ахуалдар тудыру арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығының қандай дәрежеде екенін анықтап отыру;

Домбырашының орындаушылық техникасына қатаң көңіл бөлу; (себебі орындау мүмкіншілігі аз домбырашы күйді толық жеткізе алмайды).

Міндетті түрде күйлердің жанрлық және динамикалық сипаттарын нақты түсінетінін дәлелдеу үшін оның саусақ кестесінің дұрыс болуын қадағалау;

Әр шәкірттің жеке бас ершелігіне сәйкес педагогикалық және кәсіпқой әдіс-тәсілдер тандай білу; (ұнтаспаларды тыңдату, күйшілермен кездесу ұйымдастыру, өз өнерін көрсету);

Күйдің мән-мағынасына түсініп, ішкі табиғатын аша білу; күйді тартумен қатар аңыз-әңгімелерін көркем тілмен айтып, ойын толық жеткізу;

Әр кезде өмір сүрген майталман орындаушылардың күйтабақ ұнтаспаларын тыңдай отырып, өз орындау шеберлігін жетілдіру;

Күйшілік дәстүрдегі барлық өңір күйлерін меңгеру, сол арқылы репертуар қорын кеңейту, орындаушылық шеберлігін үнемі шыңдау;

Күй өнерінің қазіргі үлгілері және оның авторларымен таныстыру, әрі өз қалауы бойынша репертуарына енгізуіне ықпал ету;

Күйтабақ ұнтаспаларындағы күй мұраларын өз бетінше нотаға түсіріп машықтану;

Ұлттық артистизм талаптарын орындай алу және соған лайық өзін ұстай білу;

Шеберлік шарты ретінде өзге ұлттық әуез үлгілерін де, меңгеру; (сынақтың шартына кірмейді, бірақ қалауы бойынша үстеме бағаланады);

Еркін тақырыптағы шығарма орындау (қалауы бойынша).

3.5 Мемлекеттік емтихан тапсыру нәтижелерін бағалау критерийлері

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Ұпайлардың сандық баламасы	Пайыздық баға	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау система	Бағалау критерийлері
A	4,0	95-100	өте жақсы	-күйдің мән-мағынасына түсініп, ішкі табиғатын аша білуі; -күйді тартумен қатар аңыз-әңгімелерін көркем тілмен айтып, ойын толық жеткізу. -күйшілік дәстүрдегі барлық өңір күйлерін меңгеру, -домбырашының орындаушылық техникасына қатаң көңіл бөлу - міндетті түрде күйлердің жанрлық және динамикалық сипаттарын нақты түсінетінін дәлелдеу - артистизм талаптарын орындай алу және соған лайық өзін ұстай білу;
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	жақсы	күйдің мән-мағынасына түсініп, ішкі табиғатын аша білуі; -күйді тартумен қатар аңыз-әңгімелерін көркем тілмен айтып, ойын толық жеткізу. -күйшілік дәстүрдегі барлық өңір күйлерін меңгеру, -домбырашының орындаушылық техникасына қатаң көңіл бөлу - міндетті түрде күйлердің жанрлық және динамикалық сипаттарын нақты түсінетінін дәлелдеу - артистизм талаптарын орындай алу және
B	3,0	80-84		
B-	2,67	75-79		
C+	2,33	70-74		
C	2,0	65-69	қанағаттанарлық	-шеберлік шыңдалуының дәрежесіне байланысты түрлі орындаушылық техникаларды меңгермеуі - орындау мүмкіншілігі аз
C-	1,67	60-64		
D+	1,33	55-59		
D	1,0	50-54		
Fx	0,5	25-49	қанағаттанарлықсыз	бағдарламаны жатқа нашар білу, өрескел қателер
F	0	0-24		

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Ұпайлардың сандық баламасы	Пайыздық баға	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау система	Бағалау критерийлері
A	4,0	95-100	өте жақсы	- студент мемлекеттік емтихан сұрақтарына толық жауап бергенде. Музыкалық білім беру әдістемесі пәні бойынша теориялық сұрақтарды тәжірибелік мысалдармен дәлелдей білуі, материалды нанымды, нақты, арнаулы музыкалық терминологияларды қолдана отырып мазмұндауы ескеріледі.
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	жақсы	- «өте жақсы» бағасына жақындау, тек терең емес, үстірт баяндауы, теориялық және тәжірибелік материалды мазмұндауда аз-кем кемшіліктер жіберуі. Емтихан алушының қосымша сұрағынан кейін өз бетінше қатесін түзетуі ескеріледі.
B	3,0	80-84		
B-	2,67	75-79		
C+	2,33	70-74		
C	2,0	65-69	қанағаттанарлық	- материалды баяндау бағыты дұрыс, бірақ елеулі қателіктер жіберуі арқылы. Теориялық сұрақтарды практикалық мысалдармен, айқын фактілермен дәлелдеу алмауы. Емтихан алушы тарапынан үнемі қолдау күтуі. Ойын нақты жеткізе алмауы.
C-	1,67	60-64		
D+	1,33	55-59		
D	1,0	50-54		
Fx	0,5	25-49	қанағаттанарлықсыз	- оқу материалын білмеуі, меңгермеуі жағдайында қойылады. Емтихан алушының жетелеуші сұрақтарына түсінбеуі, теориялық білімінің практикамен сәйкессіздігі жағдайында.

4. Мүгедектер мен денсаулық мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қортынды аттестаттауды өткізу ерекшеліктері

Мүгедектер мен мүгедектер қатарындағы білім алушылар үшін қортынды аттестаттауды өткізу жоғары білімнің білім бағдарламасы бойынша қортынды аттестаттауды өткізу тәртібі туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

Мүгедек білім алушылар, барлық басқа студенттер сияқты, нақты білім алушының ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, белгіленген мерзімде жеке оқу жоспары бойынша білім ала алады. Мүгедектер мен денсаулықының мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жеке оқу жоспары бойынша оқу кезінде жоғары білім алу мерзімі қажет болған жағдайда бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Жеке оқу кестесін құру кезінде сабақтарды өткізудің әртүрлі нұсқаларын қарастыру қажет: білім беру ұйымында (академиялық топта және жеке), қашықтықтан білім беру технологияларын қодана отырып.

Мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып қортынды аттестаттау өткізу. Білім алушыларды қортынды аттестаттау рәсімдерін жүзеге асыру үшін білім беру ұйымы мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі жандарға бейімделген және олардың негізгі білім беру бағдарламасында жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуін және білім беру бағдарламасында мәлімдеген барлық күзіндеттердің қалыптасу деңгейін бағалауда мүмкіндік беретін бағалау құралдарының қорларын құруға тиіс.

Мүгедек студенттерге арналған қортынды аттестаттау нысанды және психофизикалық ерекшеліктерді ескере отырып белгіленеді (ауызша). Қажет болған жағдайда мүгедек студентке жауап дайындалу үшін қосымша уақыт беріледі.